


Адалдык



Адалдық

«Адал сөз» ертегісін оқу және талқылау

Саматтың күшігі болды. Күн сайын Самат оны тамақтандыруға және қыдыртуға тиіс болатын. Бір күні Самат балалармен футбол ойнап жүріп күшікке тамақ беруді ұмытып кетеді. Самат үйіне келсе, күшігі бұрышта бүрісіп, мұңайып жатыр екен.

- Самат, күшікке тамақ бердің бе? – деп сұрады анасы.
- Шын айтам, тойғанша тамақ бердім деп жауап берді Петя.
- Қалай ойлайсыңдар, неге Самат өтірік айтты?

Саматтың сөздерін естіген күшік енді оған ешкім бермейтінін түсіндіде ұйықтап кетті.

«Мен бұл үйге осы уақытқа дейін адал қызмет етіп келіп ем, ал Самат болса өтірік айтты. Бұл үйде енді қалғым келмейді» деп, Адал сөз терезеден секіріп кетіп қалды.

Қалай ойлайсыңдар, Адал сөз Саматтың үйінен келіп қалған соң не болды?

Содан бері бұл үйде бәрі бір-біріне өтірік айтатын болды. Анасы Саматқа бәліш пісіріп берем деді де, өзі теледидар қарап отырды. Әкесі ұлына доп сатып әперем деді де, өзіне қармақ сатып алды. Саматтың өзі де жиі өтірік айтатын «Бұл өмір сүруге болмайды. Адал сөзді үйге қайтару қажет», - деп шешті де, күшік оны іздеуге шықты. Күшік, қаланы аралап жүгіріп шықты және Адал сөз туралы бәрінен сұрап шықты күшік қала сыртына шықты, орманға барып иіскеді. Ол бір жақынның иісін сезді, Саматтың Адал сөзі бұтаның түбінде жылап отыр екен:

- Мен ешкімге керек емеспін! Осылай орманда жүремін.
 - Сен бізге өте қажетсің. Сенсіз өмір сүру мүмкін емес, - деп, күшік үйдегі жағдайды баяндап берді. Адал сөз көз жасын сүртіп алды да, Саматтың үйіне оралуды шешті.
 - Күшікті кім жалғыз жіберген, - деп ашулана сұрады Саматтың анасы.
 - Мен емес деп айтуға оқталды да, Самат кенет былай деді: - Кешір мама, есікті жабуды ұмытып кетіріппін. Қазір тамақ беріп, қыдыртып келемін.
 - Жарайды онда, мен сенің сүйікті бәлішінді пісіріп қояйын, - деді анасы.
- Сендердің отбасыларыңда Адал сөз өмір сүре ме?
- Батыл адам қателігін мойындаудан және шындықты айтудан қорықпайтынын еске түсіріңдер. Сендерге өтірік айту қажеттігі туды ма?
 - Шындық айту қиын болған сәттеріңді есіңе түсір.

Динамикалық үзіліс «Шындық құсы»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы «шындық ұсы» таңдап алынды, ол шеңбердің ортасына шығады. Педагог өлең оқиды:
Шындық құсы ұшып келді,

Саматтың қасына отырды.
Қанаттарын оған берді,
Өзімен бірге шақырды.

Бастаушы аты аталған балаға жүгіріп келіп, қолынан ұстап, шеңберді бір айналып шығады. Педагог басқа ойыншының атын атап, өлеңді оқиды. Екі ойыншы аталған баланы өздерімен ертіп шеңберді айнала жүгіріп өтеді. Барлық бала осылайша ойын бастаушының соңынан жүргенше ойын жалғаса береді.

«Адал болу қиын» өлеңін оқу және талқылау

Өтірік айтпау – жақсы қасиет.
Оған не болуды барлығы қалайды.
Өтірікті сирек айтамын, анда-санда,
Адал болуға тырысамын.
Бірде сабаққа ұйықтап қалдым,
Анама бірақ айтпадым.
Ренжіткім оны келмеді,
Мен алдадым ба, өздеріңіз шешіңіздер.
Ал бірде ыдыс-аяқты жумадым,
Ешкім маған тиіспесін деп,
Салқын тигізгіш деп алдадым.
Аздап қана өтірік айттым,
Жұма күні қарындасым Самат мен.
Күні-бойы теледидар қарадық.
Сабақ оқуға ерініп,
Оны үлкендерден жасырдық.
Кішкентай інім Мұратты,
Фея көрдім деп алдадым.
Оны көңілдендіргіш келді,
Өтірік айттым, онда тұрған не бар.

- Қандай жағдайда бала өтірік айтты, ал қандай жағдайда қиялдады?
- Қалай ойлайсыңдар, өтірікті жиі айтатын адам. Шын айтса, оған сене ме?
- Жиі өтірік айтатын адамға өмір сүру қиын ба? Неліктен?

Ойын «Адалдық шеңбері»

Педагог балаларды 2 топқа бөледі. Бір топтың балалары қолдарын жоғары ұстап шебер жасап тұрады. Бұл адалдық шеңбері. Екінші топ мүшелері сапқа тұрып, көңілді музыканың ырғағымен «адалдық шеңберінен» жүгіріп шығады. Шеңбер ішінде қалған балалар өздері жасаған әрекеттері туралы айтып береді. Содан соң топ алмастырылып, ойын қайта басталды».

Қорытынды

- Сабақ соңында қысқа әңгіме өткізіліп, балаларға түсіндіріледі.
- Мінезі қатты адам шындықты айта алады.
- Адал адамға бәрі сенеді.
- Адал адам өз қатесін мойындай алады.

- Шындықты асқан – мейірімділікпен, басқаны ренжітпейтіндей етіп айту керек.

Қосымша тапсырма

Сурет «Адал сөз»

Балаларға «Адал сөзді» елестетіп, суретін салу ұсынылады. Соңында балалар бір-бірінің суреттерін қарап, әсерлерін бөліседі.